



Каримова Гульнара Минтаевна

1962 жылдың 7 қазанында Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Шарбақты ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Черное ауылындағы Потанин атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барған. 1980 жылы Қарағанды облысы, Пришахтинск ауданындағы №1 орта мектепті аяқтаған.

Қарағанды политехникалық оқу орнын тәмамдаған. 1981 жылы Павлодар педагогикалық институтының БСҚ факультетіне оқуға түсіп, 1986 жылы аталған институтты бітірген. Кейін білімін жетілдіру мақсатында 2004 жылы шет тілі мамандығын, 2006 жылы психология факультетін аяқтаған.

1994 жылдан бастап Шарбақты орта мектебінде биология пәні мұғалімі болып қызмет атқарады.

1985 жылдан бері отбасылы. Үш ұлы бар: Азамат, Асхат, Рустем.

2024 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.